- 54) зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмуді және жер қойнауына сарқынды суларды төгуді жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;
- 55) табиғатты пайдаланушылар мен қоршаған ортаны ластау көздерін есепке алу тәртібін белгілейді;
- 56) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми негіздерді қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді;
- 57) болжанып отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және шешімдерді қабылдау процесіне жататын экологиялық ақпаратқа қолжетімдікті қамтамасыз ету мерзімі мен тәртібін белгілейді;
- 58) әртүрлі сыныпты полигондарда орналастыру үшін қалдықтар тізбесін белгілейді;
- 59) мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты құжаттар нысандарын бекітеді;
- 60) өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептілікке қойылатын талаптарды белгілейді;
- 61) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу тәртібін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсер етуді бағалауды және мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;
- 62) мыналарды:
  - қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін белгілеу әдістемесін;
  - қалдықтар жіктеуішін;
  - топырақта химиялық заттардың рұқсат етілген шекті концентрациясын;
  - қауіпті қалдықтар жөніндегі есеп нысанын;
  - қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатқа табиғатты пайдалану шарттарын, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар беру үшін құжаттар нысанын және оларды толтыру тәртібін;
  - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгі тізбесін;
  - мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нысанын;
  - қауіпті қалдықтар паспортының нысанын;
  - парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктердің бірліктерін квоталар бірліктеріне ауыстыру тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды әзірлеу тәртібін және олар жүзеге асырылуы мүмкін экономика салалары мен секторларының тізбесін;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде квота бірліктерін және өзге де көміртегі бірліктерін өзара тануды жүзеге асыру тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларына квоталармен және көміртегі бірліктерімен сауда жасау тәртібін;

сауда мақсаты үшін парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг, есепке алуды және есептілікті жүргізу тәртібін;

қондырғы паспортының нысанын;

парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысанын;

парниктік газдар шығарындыларын өлшеу және есепке алуды стандарттау тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларын, шығарындыларын азайтуды және сіңіруді есептеу әдістемесін;

Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларын;

көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін;

тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының әрбір секциясы үшін газ мониторингін жүргізу әдістемесін;

ұсталған тауарларды жою мүмкіндігі туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қорытындысының нысанын;

техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық стандарттарды және парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруда, парниктік газдарды түгендеу, верификация және валидация (детерминация) жүргізуде пайдаланылатын Қазақстан Республикасының стандарттарын қолдануға рұқсат ету және тану қағидалары мен өлшемдерін бекітеді;

63) қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін есептеу жөніндегі бағдарламалық кешендерді қолдануды келіседі;

64) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібін белгілейді;

65) Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің шеңберінде бақылау желілерін құруды келіседі;

66) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары мен қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мамандықтар бойынша кәсіптік білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын келіседі;

67) пестицидтерді (ұлы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу тәртібін келіседі;

68) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің санаттарын мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға жатқызу тәртібін бекітеді;

69) жануарлар санын реттеу тәртібін әзірлейді;

70) жер қойнауын пайдаланушының қоршаған ортаның жай-күйін қадағалау түрлерін және әдістерін айқындау тәртібін белгілейді;

71) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша климатты және Жердің озон қабатын тиісті аумақтарда қорғау саласында белгіленген тәртіппен статистикалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдар тізбесін айқындайды;

72) эмиссияны және парниктік газдардың жұтылуын жыл сайынғы мемлекеттік түгендеу жүргізуді ұйымдастырады;

73) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді;

74) мыналарды:

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өлшемдерге сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптауға жататын I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің арасында бөлуді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен өлшемдерге сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің арасында бөлуді белгілейді;

75) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын

, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

76) Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарын іске асыруды жүзеге асырады;

77) Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарын іске асыру жөніндегі жұмыс органын айқындайды;

78) Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіру жөніндегі жобаларды мақұлдайды;

79) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіру саласында кәсіби верификациялық және валидациялық (детерминациялық) қызметті, сондай-ақ парниктік газдарды түгендеу туралы есепті растауды жүзеге асыратын тәуелсіз ұйымдарды аккредиттейді;

80) Қазақстан Республикасының табиғи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі халықаралық шарттарын іске асыру бойынша орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

81) Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарын іске асыруды ұйымдастырады;

82) қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және олардың жойылуын бақылау туралы халықаралық шарттарды іске асыру жөніндегі бөлінген орталық функциясын жүзеге асырады;

83) Қазақстан Республикасының халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы халықаралық шарттарын іске асыру жөніндегі ұлттық органның функцияларын жүзеге асырады;

84) метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг жүргізу үшін нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;

85) қоршаған ортаға эмиссияларды есептеу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;

86) Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және олардың жойылуын бақылау туралы және халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты негізделген алдын ала келісім рәсімі туралы халықаралық шарттарының міндеттемелерін орындау шеңберінде, жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қоса алғанда, қауіпті химиялық заттарды мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

87) нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін айқындайды;

88) қоршаған ортаны қорғау саласында жұмылдыру дайындығын жоспарлайды, ұйымдастырады және басқарады;

89) қоршаған ортаны қорғау саласындағы азаматтық қорғанысқа басшылықты жүзеге асырады;

90) әкімшілендіру субъектілері шығарған парниктік газдар шығарындыларының мөлшерін бақылауды жүзеге асырады;

91) мемлекеттік көміртегі бірліктерінің тізбесі операторын айқындайды;

92) озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) Қазақстан Республикасының озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі халықаралық шарттарына сәйкес белгілейді;

93) Ұлттық экологиялық атласты әзірлеуді және жариялауды ұйымдастырады;

94) тұрмыстық қатты қалдықтар саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметін нормативтік-техникалық және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

95) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді және электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін жобалау, салу, пайдалану және олардың техникалық қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік стандарттарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

96) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

97) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын бекітеді;

98) жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылу мониторингін жүзеге асырады;

99) электр немесе жылу желілеріне қосатын және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін қосатын ең жақын нүктені анықтаудың тәртібі мен мерзімін әзірлейді;

100) энергия өндіруші білікті ұйымдардан электр энергиясын сатып алу тәртібін әзірлейді;

- 101) мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері мен ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің жаңартылатын энергия көздерін дамыту мен пайдалану жөніндегі өзара іс-қимылын үйлестіреді;
- 102) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге өз құзыретінің шегінде қатысады;
- 103) су қатынастарын реттеу, трансшекаралық суды ұтымды пайдалану және қорғау мәселелері бойынша шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;
- 104) Қазақстан Республикасының Үкіметіне биоалуантүрлілікті сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлардың тізбесін бекіту бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 105) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді алып қою көлемі бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 106) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Мемлекеттік орман қорын санаттар бойынша бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 107) Қазақстан Республикасының орман қорын сақтау, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін бекітеді;
- 108) Өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын бекітеді;
- 109) Орман шаруашылығы саласында көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібін бекітеді;
- 110) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекітеді;
- 111) орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу тәртібін бекітеді;
- 112) орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекітеді;
- 113) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін бекітеді;
- 114) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын есептеу; орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша; орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқауларды бекітеді;
- 115) елді мекендер шегінен тыс жерлерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 116) арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш нысанын бекітеді;
- 117) бассейн ішіндегі су объектілері жай-күйінің мақсатты көрсеткіштеріне кезең-кезеңімен көшу мерзімдерін айқындау әдістемесін бекітеді;
- 118) бассейндер мен облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бөлінісінде су пайдалану лимиттерін бекітеді;
- 119) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеуді есептеу әдістемесін бекітеді;
- 120) су объектілері мен ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін бекітеді;
- 121) Қазақстан Республикасының Үкіметіне сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын алу жөнінде ұсыныс енгізеді;
- 122) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаудың тәртібін бекітеді;
- 123) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін бекітеді;

124) жануарлар дүниесін және орманды қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ табиғат қорғау мекемелерінің мемлекеттік инспекторларының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;

125) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін айқындау, сондай-ақ шаруашылық қызметі нәтижесінде балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянның, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу әдістемелерін бекітеді;

126) аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оны беру тәртібін бекітеді;

127) ішкі және сыртқы нарықтарда сату үшін бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын таңбалау тәртібін бекітеді;

128) балық аулауға және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттардың үлгі нысанын белгілейді;

129) қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекітеді;

130) халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімдерін бекітеді;

131) су алу құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды бекітеді;

132) балық аулауға уылдырық шашу кезеңінде тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының тәртібін бекітеді;

133) сыртқы нарықта сату үшін бекіре тұқымдас балықтар түрлерінің уылдырығы маркасының нысанын бекітеді және ішкі нарықта оларды сату үшін марка беруді жүзеге асырады;

134) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу жөнінде ұсыныс енгізеді;

135) аңшылық шаруашылықтары, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері шекараларының аңшлагтары үлгілерін, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекітеді;

136) Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидаларын бекітеді;

137) қорықшының төс белгісі мен айырым белгілері бар арнайы киім нысанын бекітеді;

138) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;

139) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекітеді;

140) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

141) Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидаларын бекітеді;

142) Су қоймаларына балық жіберу, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

143) аулаған жері туралы анықтама нысанын бекітеді;

144) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерін дамыту жоспарының үлгі нысанын бекітеді;

145) аңшылық минимумды бекітеді;

146) субсидиялар алушы міндеттемесінің нысанын бекітеді;

147) Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық маңызы бар табиғаттың мемлекеттік ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимі түрін бекіту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

148) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеу, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемені түзету тәртібін бекітеді;

- 149) Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын бекітеді;
- 150) Табиғат қорғау ұйымын басқару жоспарын әзірлеу қағидаларын бекітеді;
- 151) Жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу қағидаларын бекітеді;
- 152) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 43-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда жүзеге асырылатын балықтың қырылуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекітеді;
- 153) Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидаларын және құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібін бекітеді;
- 154) Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;
- 155) ведомствоаралық ботаникалық және зоологиялық комиссиялардың құрамы мен ережесін бекітеді;
- 156) мемлекеттік табиғат қорықтарында аса құнды экологиялық жүйелер мен объектілерді қамтымайтын арнайы бөлінген учаскелерінде реттелетін экологиялық туризм жүргізу үшін экскурсиялық соқпақтар мен бағыттар жасау тәртібін белгілейді;
- 157) Орман, балық және аң аулау шаруашылығы азаматтық қызметшілеріне еңбек жағдайы үшін үстемеақылар белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 158) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 159) Мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, жанама орман пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 160) Мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және оларды жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 161) гидромелиорациялық жүйелер мен су шаруашылығы құрылыстарын паспорттауды жүргізу тәртібін, сондай-ақ паспорт нысанын белгілейді;
- 162) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киюге құқығы бар қызметкерлерінің тізбесін әзірлейді;
- 163) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгі ережені әзірлейді;
- 164) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;
- 165) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтерді әзірлейді;
- 166) жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін әзірлейді;
- 167) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызуды қоспағанда, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 1-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерінің тізбелерін айқындайды және оларды бір санаттан екіншісіне ауыстырады;
- 168) Жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидаларын әзірлейді;
- 169) дериваттар тізбесін әзірлейді;
- 170) Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу қағидаларын әзірлейді, оларды аккредиттеуді жүргізеді;
- 171) жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттерін әзірлейді;
- 172) Жануарлар дүниесі объектілерін алу квоталарын бөлу қағидаларын әзірлейді;
- 173) халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;



- 174) Су айдындарын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу қағидаларын әзірлейді;
- 175) Аң аулау, балық аулау қағидаларын әзірлейді;
- 176) Аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидаларын және Балық шаруашылығын жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 177) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін әзірлейді;
- 178) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесін әзірлейді және оларды басқа санаттарға ауыстырады;
- 179) Мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның табиғи мекендеу ортасынан алынған бекіре тұқымдас балықтарды, олардың уылдырығын өткізу қағидаларын әзірлейді;
- 180) Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 181) Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 182) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені әзірлейді;
- 183) Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидаларын әзірлейді;
- 184) Жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 185) Зоологиялық коллекцияларды жасау және мемлекеттік есепке алу қағидаларын әзірлейді;
- 186) Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;
- 187) аңшылық пен балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесін әзірлейді;
- 188) Жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидаларын әзірлейді;
- 189) Аңшылықта пайдаланылатын қыран жыртқыш құстарды есепке алуды және тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 190) Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидаларын әзірлейді;
- 190) Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидаларын әзірлейді;
- 192) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді;
- 193) Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құнды объектілер қатарына жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидаларын әзірлейді;
- 194) қоршаған ортаны қорғау, орман қатынастары, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, су ресурстары, жаңартылған энергия көздері саласындағы кадрларға қажеттілікті айқындайды;
- 195) Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді;
- 196) Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің қарамағындағы республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқаруды жүзеге асырады;
- 197) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- ведомство функциялары:
- 1) мемлекеттік экологиялық сараптаманы құзыреті шегінде жүргізу;
  - 2) парниктік газдар шығарындыларына сертификат беру және қайта ресімдеу;
  - 3) құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар беру және оларда қоршаған ортаға эмиссияға арналған лимиттер белгілеу;
  - 4) кешенді экологиялық рұқсаттар беру;

- 5) өз құзыретінің шегінде табиғи ресурстарды пайдалану саласында лицензиялар, рұқсаттар, шарттар (келісімшарттар) беруді келісу;
- 6) қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге арналған лицензияларды беруді жүзеге асыру (қызметтің кіші түрлері: табиғатты пайдалануды жобалау, шаруашылық және басқа да қызметтердің I санаты үшін нормалау; шаруашылық және басқа да қызметтердің I санаты үшін экологиялық аудит);
- 7) озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуді лицензиялауды жүзеге асырады;
- 8) озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсат береді;
- 9) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға қорытынды береді;
- 10) міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешім қабылдау;
- 11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару, мемлекеттік экологиялық сараптама, рұқсат беру, лицензиялық және экологиялық-сараптамалық қызмет, өз құзыретінің шегінде нормалау және стандарттар жүйесін, сондай-ақ табиғатты ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық әдістері мен тетіктерінің жүйесін ұйымдастыру және жетілдіру;
- 12) өз құзыретінің шегінде экологиялық ақпаратқа заңнамада белгіленген тәртіппен қолжетімдікті қамтамасыз ету;
- 13) арнайы су пайдалануға рұқсаттарды келісу;
- 14) су объектілерін кешенді пайдаланудың және қорғаудың бассейндік схемаларын келісуге, бассейндік келісімдерді дайындауға, сондай-ақ өз құзыреті шегінде су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидатын іске асыруға қатысады;
- 15) озық қолжетімді технологиялар тізілімін жүргізуді ұйымдастыру;
- 16) Табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 17) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен нормативтік құқықтық актілер жобаларының тізілімін жүргізу;
- 18) экологиялық қауіпті технологиялар, техника мен жабдықтың тізілімін жүргізу;
- 19) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының, қоршаған орта сапасы нормативтерінің және экологиялық талаптардың сақталуын, оның ішінде:  
Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуын;  
қоршаған орта ластануының салдарын жою жөніндегі шаралардың жүргізілуін;  
жерді жақсарту, жердің тозуын туғызатын процестер салдарының алдын алу және жою, топырақ құнарлығын қайта жаңғырту және сақтау жөніндегі іс-шаралар кешенінің өткізілуін;  
жерді қайта құнарландыру жөніндегі шараларды қабылдауды қамтамасыз ететін кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілерді салу және қайта құру кезінде экологиялық талаптардың сақталуын;  
жерді қайта құнарландыру жөніндегі жобаланған жұмыстарды орындау бөлігінде кәсіпорындар, құрылыстар және өзге объектілерді іске қосу және пайдалану кезінде экологиялық талаптардың сақталуын;  
жердің бұзылуына байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатының алынуын, сақталуын және пайдаланылуын;  
пайдалы қазбалардың қорын өнеркәсіптік өндіруден немесе өзге де бұзушы процесстер мен жұмыстардан босаған жерлердің нысаналы мақсатына сәйкес бұдан әрі пайдалануға жарамды жағдайға келтірілуін;  
қоршаған ортаны қорғауға қатысты лицензиялық-келісімшарттық шарттардың сақталуын;  
кен орындарын және өзге қоршаған орта объектілерін бұзушылыққа әкеліп соғатын ластанудан, су басудан және техногендік процестерден жер қойнауының сақталуын;  
жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануын және жойылуын;  
жер қойнауын және минералды шикізатты қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалардың және қағидалардың сақталуын;  
минералды шикізатты өндіру және қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жобалық шешімдердің сақталуын;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялық немесе өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуын;

зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмуге және сарқынды сулардың жер қойнауына төгілуін;

Қазақстан Республикасының континентальдық қайраңында қалдықтарды және басқа материалдарды көму , ұңғымалар мен жабдықтарды консервациялау мен бөлшектеу қағидаларының сақталуын;

су сапасының нормативтерінің сақталуын;

атмосфералық ауаны қорғау, сондай-ақ климат пен жердің озон қабатын қорғау мәселелері жөніндегі, оның ішінде көлік және өзге қозғалмалы құралдарды пайдалануға шығарған және пайдаланған кезде техникалық регламенттердің, нормативтердің, қағидалардың және өзге талаптарының сақталуын;

кәсіпорындарды пайдалануға қосу, қалдықтарды қоймалау және жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын;

парниктік газдар шығарындыларын жүзеге асыру кезінде талаптардың сақталуын;

кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге объектілерді салу, қайта жаңғырту, пайдалануға қосу және пайдалану кезінде экологиялық талаптардың сақталуын;

радиоактивті және өзге экологиялық қауіпті заттарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе өзге жұмыс істеу ережелерін қоршаған орта ластануының алдын алу жөніндегі экологиялық талаптар бөлігінде сақталуын;

химиялық және биологиялық заттарды қолдану, сақтау, тасымалдау бойынша белгіленген нормалар мен ережелердің сақталуын;

экологиялық рұқсаттармен белгіленген табиғатты пайдалану шарттарының орындалуын;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын есептеу, кәдеге жарату мен залалсыздандырудың белгіленген нормалары мен ережелерінің сақталуын;

ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілердің санитарлық қорғау аймақтарына экологиялық талаптардың сақталуын;

Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға, қоршаған орта объектілерінің радиоактивті заттармен ластануының алдын алу жөніндегі жобалық шешімдердің орындалуын;

тазарту құрылыстары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуын;

өндірістік экологиялық бақылаудың нормалары мен ережелерінің сақталуын;

Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасының сақталуын;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің лицензияланатын түрін жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары мен ережелерінің сақталуын;

мемлекеттік экологиялық сараптаманы өткізудің міндеттілігі туралы және оның шарттарын орындау туралы талаптардың сақталуын;

міндетті экологиялық аудитті өткізу және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі шынайы ақпаратты ұсыну туралы талаптардың сақталуын;

Қазақстан Республикасының континентальдық қайраңында теңіздік ғылыми зерттеулерді өткізген кезде экологиялық талаптардың сақталуын;

қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау қағидаларының сақталуын;

технологияларға, техника мен жабдыққа қойылатын экологиялық талаптардың сақталуын;

Ресей Федерациясының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартында көрсетілген шарттардың сақталуын;

озонды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы деректерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну туралы талаптардың сақталуына мемлекеттік экологиялық бақылау жүзеге асыру;

20) өзінің құзыретіне сәйкес су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

21) өзінің құзыреті шегінде су қорғау аймақтарында және бөліктерінде шаруашылық қызметінің режиміне талаптарды сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

22) жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

- 23) жер қойнауын сақтау саласының жер қойнауын ластау бөлігінде талаптарды сақтамаудың салдарынан келтірілген залалды жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп айқындау;
- 24) конкурсқа қойылуға жататын жалпы таралған пайдалы қазбаларды қамтитын жер қойнауы учаскелерінен басқа жер қойнауы учаскелері тізбелерінің жобаларын келісу;
- 25) мұнай өнімдерін өндіру және айналымы кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауға бақылауды жүзеге асыру;
- 26) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасасуы бойынша міндеттерін орындауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 27) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеген кезде экологиялық талаптарды сақтауға бақылауды жүзеге асыру;
- 28) полигондарда қалдықтарды орналастыру және полигондарды ұстау талаптарын сақтауды бақылауды жүзеге асыру;
- 29) мемлекеттік экологиялық бақылау органдарының жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің қызметін жетілдіру;
- 30) жарғысында қоғамдық экологиялық бақылау функциялары көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасау;
- 31) қалдықтарды басқару бағдарламасын келісу;
- 32) ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларын келісу;
- 33) Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулер бағдарламаларын келісу;
- 34) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асыру;
- 35) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 36) мемлекеттік орман саясатын іске асыру;
- 37) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеуді және жобалау-іздігіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 38) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастыру және өткізу;
- 39) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар, аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру;
- 40) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, өзінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу;
- 41) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдау;
- 42) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ауыл және орман шаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуы мен молықтырылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

- 43) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының пайда болуының, таралуының, екпелердің табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының алдын алу жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануын, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 44) кеспеағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 45) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 46) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 47) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомниктер шаруашылығының жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 48) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және осы жерлердің қорғалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 49) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 50) арнайы су пайдалануға рұқсат беруге арналған өтініште көрсетілетін мәліметтерді айқындау;
- 51) су шаруашылығы ұйымдарының қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 52) су объектілерінің бассейндері бойынша табиғат қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық су беру көлемдерін белгілеу;
- 53) жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті органмен бірлесіп, әрбір су объектісінің бассейні үшін судың жай-күйі мен сапа өлшемдерінің нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу;
- 54) су пайдаланудың жыл сайынғы лимиттерін жылдың сулылығын, су объектілерінің экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйін ескере отырып нақтылау;
- 55) су ресурстарын пайдаланудың республикалық ақпараттық-талдау жүйесін құрау;
- 56) су объектілерінің ақпараттық дерек базасын құрады және оған барлық мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 57) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануға қабылдау-беру жөніндегі жұмысқа қатысады, су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы құрылыстарының және құрылыс, түбін тереңдету және өзге де жұмыстарды жүргізу жобаларын келісу;
- 58) су объектілерін бірлесіп пайдалануға беруді келісу;
- 59) су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарының жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін балық шаруашылығы және мелиорациялық-техникалық іс-шараларды келісу;
- 60) Қазақстан Республикасының заңдарында белгілеген тәртіппен және негіздерде арнайы су пайдалануға рұқсаттарды беруді, олардың қолданылуын тоқтатуды және кері қайтаруды жүзеге асыру;
- 61) мемлекеттік су кадастрында қамтылған ақпаратқа мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- 62) салық органына ұсынғанға дейін жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша салық есептілігін растауды жүзеге асыру;
- 63) су шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру;
- 64) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру шаруашылығы (елді мекендерде орналасқан су шаруашылығы және су бұру жүйелерінен басқа) саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру;
- 65) республикалық меншіктегі су объектілерін, су шаруашылығы құрылыстарын пайдалануды ұйымдастыру;

- 66) елді мекендер шегінен тыс жерде су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы жобалау, іздестіру, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру;
- 67) судың және оны пайдаланудың мемлекеттік есебін, мемлекеттік су кадастры мен су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізуді жүзеге асыру;
- 68) орталық атқарушы органдар әзірлеген өндіргіш күштерді және экономика салаларын дамыту мен орналастыру схемаларының құрамында су ресурстарын пайдалану және қорғау болжамдарын су ресурстарын пайдаланудың жол берілетін деңгейі тұрғысынан келісу;
- 69) экономика салаларында су тұтынудың үлестік нормаларын келісу;
- 70) Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзушылықтарды жоюға шаралар қабылдау;
- 71) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 72) ерекше қорғалатын су объектілеріндегі су қорғау аймақтары мен белдеулері шекараларының, оларда белгіленген шаруашылық қызметі режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 73) трансшекаралық сулар туралы халықаралық келісімдердің шарттары мен талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- 74) су объектілері бойынша су тұтыну мен су бұрудың белгіленген нормалары мен қағидаларының, лимиттерінің, сондай-ақ суды пайдалану режимінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 75) су бұру құрылыстарын, су шаруашылығы жүйелерін және су қоймаларын пайдалану қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 76) су объектілерінен алынатын су мен оларға төгілетін су мөлшеріне бастапқы есеп жүргізудің, су сапасын айқындаудың дұрыстығына, суды пайдалану мен ағызуды есепке алуға арналған жабдықтар мен аппаратуралардың болуын, жарамды жай-күйін және мемлекеттік аттестаттау мерзімдерінің сақталуын, су пайдаланушылардың белгіленген есептілік мерзімдерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру;
- 77) жеке және заңды тұлғалардың арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттарда белгіленген шарттар мен талаптарды, сондай-ақ судың зиянды әсеріне (топан су, су басу, су алу, жағалауларды бұзу және басқа да зиянды құбылыстар) қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауын бақылауды жүзеге асыру;
- 78) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген су объектілерін оқшау және бірлесіп пайдалануға беру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 79) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізудің және су объектілерін пайдалану мен қорғау бөлігінде жер үсті және жер асты суын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 80) су объектілерін өз бетімен пайдалануға, су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерінің аумақтарында өз бетімен құрылыс салуға жол берілмеуін бақылауды жүзеге асыру;
- 81) суды ұтымды пайдалану мен қорғау саласындағы ғылым мен техника жетістіктерінің, озық тәжірибенің, су тұтынудың үлесін азайту жөніндегі іс-шаралардың кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда енгізілуін бақылауды жүзеге асыру;
- 82) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық құжаттаманың болуын және оның экономика салаларының объектілерін салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарактауға және су объектілерін, олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін пайдалану мен қорғауға байланысты өзге де қызметке сәйкес келуін бақылауды жүзеге асыру;
- 83) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;
- 84) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беру;
- 85) рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу;
- 86) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілеу;
- 87) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды жүзеге асыру;
- 88) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге, жануарлар дүниесін пайдалануға, сондай-ақ жерсіндіруге рұқсаттар беру;

- 89) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз ету;
- 90) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;
- 91) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ жасанды түрде өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастыру;
- 92) аңшылық алқаптарының, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және мемлекеттік есебін ұйымдастырады және қамтамасыз ету;
- 93) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттандыруды жүргізу;
- 94) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілеу, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашу және жабу;
- 95) балықтардың болмай қоймайтын қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдау;
- 96) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 97) балықтарды қорғау құрылғыларын су алу құрылыстарына орналастыруды келісу;
- 98) бекітілген лимиттер негізінде қоғамдық аңшылар бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің, сондай-ақ қоғамдық балық аулаушылар бірлестіктерінің және балық шаруашылығы субъектілерінің қатысуымен жануарлар дүниесінің объектілерін алып қою квоталарын бөлу;
- 99) ғылыми зерттеулер бағдарламаларына сәйкес ғылыми зерттеулер үшін квотаны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жануарлар дүниесінің объектілерін алып қою лимиттерінің шегінде белгілеу;
- 100) зоологиялық коллекциялар тізілімін интернет-ресурста жүргізу, орналастыру және тоқсан сайын жаңарту;
- 101) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) жергілікті маңызы бар учаскелерінің тізбесін әзірлеу;
- 102) балық шаруашылығын жүргізуге және балық аулауға шарттар жасау;
- 103) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды және жерсіндіруді жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 104) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексеру;
- 105) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 106) балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 107) балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 108) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 109) жануарларды еріксіздікте немесе жартылай ерікті жағдайларда, сондай-ақ зоологиялық коллекцияларды ұстау тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 110) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- 111) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзушылықты анықтаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізу;

- 112) жеке және заңды тұлғалардың балық шаруашылығын жүргізу шартының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру;
- 113) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 114) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеуді және оларды бекітуді ұйымдастыру;
- 115) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік органдардың салааралық қызметін үйлестіру;
- 116) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу;
- 117) өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқаруды, оларды күзетудің, қорғаудың және қалпына келтірудің, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жүргізілуін қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 118) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандардың өсімін молайту және орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындайды, ғылыми-зерттеулер және жобалау-іздігіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 119) орман орналастыру жобаларын бекіту;
- 120) мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін бекіту;
- 121) орман тұқымдарын аудандастыруды бекіту;
- 122) заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекіту;
- 123) заңды тұлға мәртебесіндегі республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту;
- 124) табиғат қорғау ұйымының рәміздерін (эмблемасы мен туын), сондай-ақ табиғат қорғау мекемесінің рәміздерін (эмблемасы мен туын) әзірлеу және пайдалану тәртібін бекіту;
- 125) өзінің қарауындағы табиғат қорғау мекемелерінің ережелерін бекіту;
- 126) мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын және ағаштың кесілетін жасын бекіту;
- 127) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекіту;
- 128) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін келісу;
- 129) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келісу;
- 130) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктердің санатына жатқызылған түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру;
- 131) өздеріне туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға рұқсат беру;
- 132) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, биологиялық негіздеменің негізінде заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан су объектілерде әуесқой (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеулік аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға рұқсат беру;
- 133) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақтық дамудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамаларын келісуді жүзеге асыру;
- 134) өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарау;
- 135) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын келісу;



- 136) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми қызметті ұйымдастыру;
- 137) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалды аймақтарға бөлуді түзету жобаларын келісу;
- 138) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
- 139) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде, өз құзіреті шегінде ұсыныстар енгізу;
- 140) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету;
- 141) аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 142) аулаған жері туралы анықтаманы беру;
- 143) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде пайдаланушыларымен арнайы пайдалану кезінде балық шаруашылық мелиорациясына, балық ресурстарының және басқа да су жануарлары кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келісу;
- 144) облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімін келісу;
- 145) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және басқа қызметтерді жүзеге асыратын субъектілерімен әзірленетін техникалық-экономикалық негіздемені мен жобалау-сметалық құжаттаманы келісу;
- 146) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін келісу;
- 147) жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде толығымен орналасқан аңшылық алқаптар, сондай-ақ жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін олардың өтінімі бойынша белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурсыз бекітіп беру туралы облыстық жергілікті атқарушы органға ұсыныс енгізу;
- 148) бекітіп берілуі бойынша конкурсқа қойылатын жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін келіседі.";

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
2. "Қазаэросервис" акционерлік қоғамы.
3. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
4. Жасыл даму" акционерлік қоғамы.
5. "Еуразия су орталығы" ғылыми-өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамы.
6. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қазақ ормандарды авиациялық қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
7. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

8. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Охотзоопром ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
9. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Жасыл Аймақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
10. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қазақ мемлекеттік орман шаруашылығын жобалау жөніндегі жобалау-іздістіру институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
11. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
12. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
13. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Алматы мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
14. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
15. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
16. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Алтын Емел" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
17. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
18. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.
19. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Семей орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.
20. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.
21. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Ақжайық" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.
22. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
23. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
24. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
25. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қазақ мемлекеттік республикалық орман тұқымы мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
26. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
27. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
28. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
29. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
30. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
31. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.
32. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

33. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
  34. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
  35. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
  36. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
  37. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Бұйратау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" республикалық мемлекеттік мекемесі.
  38. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Алтын Дала мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесі.
  39. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Алматы орман селекциялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  40. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Көкшетау орман селекциялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  41. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  42. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Майбалық балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  43. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Петропавл балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  44. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қамыстыбас балық питомнигі" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  45. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қапшағай уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  46. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Жайық-Атырау бекіре балық өсіру зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  47. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
  48. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.";
- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің және оның ведомстволарының карамағындағы аумақтық органдардың тізбесі тізбесі мынадай редакцияда жазылсын:
- "Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің және оның ведомстволарының карамағындағы аумақтық органдардың тізбесі
1. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша экология департаменті.
  2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша экология департаменті.
  3. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша экология департаменті.
  4. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті.
  5. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.
  6. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша экология департаменті.
  7. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті.
  8. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша экология департаменті.



29. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы.
30. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы.
31. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы, Қызылорда қаласы.
32. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы, Алматы қаласы.
33. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалану реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы, Семей қаласы.
34. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы, Астана қаласы.
35. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы, Қарағанды қаласы.
36. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы, Қостанай қаласы.
37. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Су ресурстары Комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы, Атырау қаласы.
38. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы, Тараз қаласы.
39. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Қызылорда қаласы.
40. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Балқаш-Алакөл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Қапшағай қаласы.
41. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Ертіс облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Өскемен қаласы.
42. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Атырау қаласы.
43. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Есіл облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Астана қаласы.
44. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Тобыл-Торғай облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Қостанай қаласы.
45. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Шу-Талас облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Тараз қаласы.
46. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы, Қарағанды қаласы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК